



БАЙТЕРЕК

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі»
акционерлік қоғамы**

**Аудиттелмеген шоғырландырылған аралық
қысқартылған қаржылық есептілік және тәуелсіз
аудиторлардың есебі**

2015 жылдың 30 маусымы

МАЗМҰНЫ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған аралық қысқартылған есеп	1
Пайда немесе залал туралы шоғырландырылған аралық қысқартылған есеп	2
Жиынтық табыс туралы шоғырландырылған аралық қысқартылған есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған аралық қысқартылған есеп	4
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған аралық қысқартылған есеп	6

Шоғырландырылған аралық қысқартылған есептілікке ескертпелер

1	Кіріспе	8
2	Қаржылық есептілікті дайындау негіздері	9
3	Есептік саясаттың негізгі ережелері	10
4	Ақшалай қаражат және олардың баламалары	10
5	Банктердегі қаражат	13
6	Клиенттерге берілген несиелер	15
7	Өзге активтер	20
8	Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	20
9	Банктерден және өзге қаржы ұйымдарынан алынған займдар	22
10	Өзге міндеттемелер	22
11	Проценттік табыстар және шығындар	23
12	Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын қаржы активтерімен операциялардан таза шығыс	24
13	Шетелдік валютамен операциялардан таза кіріс	24
14	Өзге операциялық табыстар/(шығыстар), нетто	24
15	Табыс салығы бойынша шығын	25
16	Қаржы тәуекелдерін басқару	26
17	Шартты міндеттемелер	28
18	Туынды қаржы құралдары	30
19	Қаржы құралдарының әділ бағасы	32
20	Бағалау санаттары бойынша қаржы құралдарын ұсыну	39
21	Байланысқан тараптармен операциялар	42
22	Есептік күннен кейінгі оқиғалар	44



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестік
050051 Алматы, Достық д-лы 180,
Тел./факс 8 (727) 298-08-98, 298-07-08
E-mail: company@kpmg.kz

Шоғырландырылған аралық ықшамдалған қаржылық ақпаратты шолу бойынша тәуелсіз аудиторлардың есебі

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» Акционерлік Қоғамының Акционеріне және Директорлар кеңесіне

Кіріспе


Біз «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» Акционерлік Қоғамының және оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан былай, «Холдинг») 2015 жылдың 30 маусымындағы шоғырландырылған ықшамдалған қаржылық жағдай туралы есебінің және осыған қатысты көрсетілген күні аяқталған алты ай кезең бойынша шоғырландырылған ықшамдалған пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерінің, сондай-ақ, шоғырландырылған аралық ықшамдалған қаржылық ақпаратқа түсіндірмелі ескертпелерінің (бұдан былай, «шоғырландырылған аралық ықшамдалған қаржылық ақпарат») шолуын жүргіздік. Холдинг басшылығы осы шоғырландырылған аралық ықшамдалған қаржылық ақпараттың 34-ші «Аралық қаржылық есептілігі» Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (IAS) сәйкес дайындауға және көрсетуге жауапты болады. Біз жүргізген шолу нәтижелері бойынша көрсетілген шоғырландырылған аралық ықшамдалған қаржылық ақпарат туралы қорытынды қалыптастыруға жауаптымыз.

Шолу көлемі

Біз 2410-шы «Кәсіпорынның тәуелсіз аудиторы орындаған аралық қаржылық ақпаратты шолу» Халықаралық шолуды жүргізу тапсырмалары бойынша стандарты талаптарына сай шолу жүргіздік. Шоғырландырылған аралық ықшамдалған қаржылық ақпаратты шолу негізінен қаржылық және бухгалтерлік мәселелер үшін жауапты тұлғалардан ақпарат алу үшін сұрату жасау мен талдамалық және шолу шегінде қажетті басқа да рәсімдерден тұрады. Шолу көлемі Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудитке қарағанда анағұрлым аз, және сол себепті де, бізге аудит барысында анықталуы мүмкін барлық елеулі мәселелер белгілі болды деген сенімділікті қамтамасыз ете алмайды. Демек, біз аудиторлық пікірді білдірмейміз.


Қорытынды

Жүргізілген шолу нәтижесінде 2015 жылдың 30 маусымындағы және көрсетілген күні аяқталған алты ай кезең бойынша шоғырландырылған аралық ықшамдалған қаржылық ақпарат барлық елеулі қатынастарда 34-ші «Аралық қаржылық есептілігі» Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (IAS) сәйкес дайындалмағандығына назар аударуға себеп болатын деректер анықталмады.


Ирматов Р.И.
Қазақстан Республикасының
сертификатталған аудиторы
2012 жылдың 6 қаңтарында берілген
№ МФ-0000053 аудитордың біліктілік куәлігі

«КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігімен 2006 жылдың 6 желтоқсанында аудиторлық қызметпен айналысуға берілген № 0000021 мемлекеттік лицензия


Нигай А.Н.
Жарғы негізінде әрекет етуші
«КПМГ Аудит» ЖШС Бас Директоры


2015 жылдың 1 қыркүйегі

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған аралық қысқартылған есеп

(мыңдаған қазақстандық теңге)	Ескертпе	30 маусым 2015, аудиттелмеген	31 желтоқсан 2014
АКТИВТЕР			
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	4	466,704,444	263,777,147
Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын қаржы құралдары		41,823,764	38,175,605
Банктердегі қаражат	5	471,331,461	442,651,990
Клиенттерге берілген несиелер	6	1,141,426,860	1,071,335,028
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар		336,519,882	363,961,744
Кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешек		-	701,124
Қаржылық жалға алу бойынша дебиторлық берешек		35,135,629	26,122,360
Өтелгенше ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар		-	14,595,693
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар		2,825,781	3,724,560
Инвестициялық мүлік		1,699,593	1,516,868
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем		13,207,427	12,789,939
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша актив		5,908,399	6,486,752
Негізгі қаражат		12,403,088	13,233,229
Материалдық емес активтер		1,883,022	1,521,354
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер		18,198,870	13,360,483
Өзге қаржылық активтер		22,067,744	18,183,615
Өзге активтер	7	67,144,539	32,777,623
АКТИВТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ		2,638,280,503	2,324,915,114
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Клиенттердің қаражаты		294,917,691	260,089,868
Шығарылған қарыз бағалы қағаздары	8	601,271,335	505,668,105
Реттелген борыш		14,412,389	14,163,005
Банктерден және өзге қаржы институттарынан алынған займдар	9	655,217,152	619,119,766
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған займдар		53,738,535	61,845,338
Ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттеме		152,622	220,590
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме		4,997,215	7,116,637
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер		711,673	706,654
Шығып бара жатқан топтармен тікелей байланысты сатылуға арналған міндеттемелер		159,729	-
Өзге қаржылық міндеттемелер		30,349,532	22,330,519
Өзге міндеттемелер	10	163,554,445	33,908,484
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ		1,819,482,318	1,525,168,966
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал		718,318,712	718,318,712
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша резерв		(13,232,812)	(7,063,690)
«Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар» санатынан «клиенттерге берілген несиелер» санатына ауыстырылған қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв		5,526,030	6,386,403
Жинақталған бағам айырмашылықтарының резерві		1,000,136	898,082
Хеджирлеу резерві		292,430	(348,584)
Бизнесті біріктіру кезіндегі резерв және ақысы төленген қосымша капитал		88,932,885	89,147,503
Өзге резервтер		24,630,549	24,618,200
Жинақталған тапшылық		(8,876,661)	(33,057,692)
Холдинг иелеріне тиесілі таза активтер		816,591,269	798,898,934
Бақыланбайтын үлесі		2,206,916	847,214
КАПИТАЛДЫҢ БАРЛЫҒЫ		818,798,185	799,746,148
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛДЫҢ БАРЛЫҒЫ		2,638,280,503	2,324,915,114

Шығарылу үшін бекітілді және Басқарма атынан 2015 жылдың 1 қыркүйегінде қол қойылған:

Сейджапарова Динара Нұрланқызы
 Басқарушы директор – Басқарма мүшесі



Есенғараева Құралай Дамирқызы
 Бас бухгалтер

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Пайда немесе залал туралы шоғырландырылған аралық қысқартылған есеп

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Ескертпе	2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген
Проценттік кірістер	11	79,172,518	61,193,814
Проценттік шығыстар	11	(35,596,605)	(29,099,517)
Таза проценттік кірістер		43,575,913	32,094,297
Несиелік портфельдің құнсыздануына арналған резерв	6	(9,083,086)	(7,357,289)
Несиелік портфельдің құнсыздануына резервті жасағаннан кейін таза проценттік кірістер		34,492,827	24,737,008
Комиссиялық кірістер		1,672,032	1,640,122
Комиссиялық шығыстар		(1,321,801)	(595,974)
Таза комиссиялық кіріс		350,231	1,044,148
Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын қаржы активтерімен операциялардан таза шығыс	12	(317,507)	(10,610,856)
Шетелдік валютамен операциялардан түсетін таза кіріс	13	1,171,965	14,468,826
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздармен операциялардан таза (шығыс)/кіріс		293,873	(462,610)
Таза табылған сақтандыру сыйлықақылары		317,645	296,356
Сақтандыру төлемдері бойынша және резервтегі өзгерістер бойынша таза табыс (шығын)		7,119	(170,050)
Өзге операциялық табыс (шығын), нетто	14	4,106,545	(1,205,944)
Операциялық табыстар		40,422,698	28,096,878
Несиелік сипаттағы өзге активтер мен міндеттемелердің құнсыздануына резерв		(1,145,772)	(354,357)
Әкімшілік шығындар		(13,007,808)	(10,830,885)
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардың қаржы нәтижесінің үлесі		(640,410)	(732,341)
Табыс салығын шегеруге дейінгі кіріс		25,628,708	16,179,295
Табыс салығы бойынша шығындар	15	(1,983,033)	(3,870,527)
КЕЗЕҢ КІРІСІ		23,645,675	12,308,768
Мыналарға тиесілі кіріс/(шығыс):			
- Холдинг иелерінің		23,676,182	12,055,699
- бақыланбайтын үлес		(30,507)	253,069
КЕЗЕҢ КІРІСІ		23,645,675	12,308,768

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Жиынтық табыс туралы шоғырландырылған аралық қысқартылған есеп

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген
КЕЗЕҢ КІРІСІ	23,645,675	12,308,768
Өзге жиынтық табыс:		
<i>Кейіннен кірістер не шығыстар құрамына қайта топтастырылуы мүмкін баптар:</i>		
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша резерв:		
- (Табыстары шегерілген шығындар)/қайта бағалаудан шығындарды шегере отырып табыстар	(5,875,249)	2,101,868
- (шығындары шегерілген табыстар)/кіріске не шығысқа көшірілген табыстарды шегере отырып шығындар	(293,873)	372,147
Шетелдік қызмет туралы қаржылық ақпаратты есептілікті ұсыну валютасымен қайта есептеу	102,054	669,569
Хеджирлеу құралдарымен операциялардан шығындарды (табыстарды шегере отырып шығындарды) шегере отырып іске асырылмаған табыстар	641,014	(90,442)
Клиенттерге берілген несиелердің құрамына қайта топтастырылған, сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша резервті амортизациялау	(860,373)	-
Өзге жиынтық (шығыс)/кезең табысы	(6,286,427)	3,053,142
КЕЗЕҢНІҢ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫСЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ	17,359,248	15,361,910
Мыналарға тиесілі жиынтық табыстың барлығы:		
- Холдинг иелеріне	17,389,755	15,141,703
- бақыланбайтын үлеске	(30,507)	220,207
Кезеңнің жиынтық табысының барлығы	17,359,248	15,361,910

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған аралық қысқартылған есеп

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Холдинг иелеріне тиесілі									Бақыланбайтын үлес	Капиталдың барлығы
	Акционерлік капитал	Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша резерв	Жинақталған бағам айырмашылықтарының резерві	Хеджирлеу резерві	Бизнесті біріктіру кезіндегі резерв және ақысы төленген қосымша капитал	Өзге резервтер	Жинақталған тапшылық	Барлығы			
2014 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	663,102,010	858,444	254,277	(330,923)	57,661,048	24,381,818	(74,262,470)	671,664,204	3,392,930	675,057,134	
Кезең кірісі, аудиттелмеген	-	-	-	-	-	-	12,055,699	12,055,699	253,069	12,308,768	
Өзге жиынтық табыс(шығыс), аудиттелмеген	-	2,506,877	669,569	(90,442)	-	-	-	3,086,004	(32,862)	3,053,142	
Кезеңнің жиынтық табысы (шығысы) барлығы, аудиттелмеген	-	2,506,877	669,569	(90,442)	-	-	12,055,699	15,141,703	220,207	15,361,910	
Акциялардың эмиссиясы – ақшалай жарна, аудиттелмеген	20,000,000	-	-	-	-	-	-	20,000,000	-	20,000,000	
Бақыланбайтын үлестер салымдар, аудиттелмеген	-	115,907	-	-	(1,429,626)	(681,290)	4,888,887	2,893,878	11,349,922	14,243,800	
Аударымдар және өзге қозғалыстар, аудиттелмеген	-	(29,151)	-	-	712,317	189,562	(1,117,212)	(244,484)	(1,867,667)	(2,112,151)	
2014 жылғы 30 маусымдағы қалдық, аудиттелмеген	683,102,010	3,452,077	923,846	(421,365)	56,943,739	23,890,090	(58,435,096)	709,455,301	13,095,392	722,550,693	

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған аралық қысқартылған есеп

	Холдинг иелеріне тиесілі										
	Акционерлік капитал	«Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар» санатынан берілген Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша резерв	«Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар» санатынан қайта топтастырылған қаржылық активтерді қайта бағалау бойынша резерв	Жинақталған бағам айырмашылықтарының резерві	Хеджирлеу резерві	Бизнесті біріктіру кезіндегі резерв және ақысы төленген қосымша капитал	Өзге резервтер	Жинақталған тапшылық	Барлығы	Бақыланбайтын үлес	Капиталдың барлығы
2015 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	718,318,712	(7,063,690)	6,386,403	898,082	(348,584)	89,147,503	24,618,200	(33,057,692)	798,898,934	847,214	799,746,148
Кезеңнің кірісі (шығысы), аудиттелмеген	-	-	-	-	-	-	-	23,676,182	23,676,182	(30,507)	23,645,675
Өзге жиынтық кіріс(шығыс), аудиттелмеген	-	(6,169,122)	(860,373)	102,054	641,014	-	-	-	(6,286,427)	-	(6,286,427)
Кезеңнің жиынтық табысы (шығысы) барлығы, аудиттелмеген	-	(6,169,122)	(860,373)	102,054	641,014	-	-	23,676,182	17,389,755	(30,507)	17,359,248
Еншілес кәсіпорындарда бақыланбайтын үлестің өзгеруі, аудиттелмеген	-	-	-	-	-	-	-	-	-	1,390,209	1,390,209
Аударымдар және өзге қозғалыстар, аудиттелмеген	-	-	-	-	-	(214,618)	12,349	504,849	302,580	-	302,580
2015 жылғы 30 маусымдағы қалдық, аудиттелмеген	718,318,712	(13,232,812)	5,526,030	1,000,136	292,430	88,932,885	24,630,549	(8,876,661)	816,591,269	2,206,916	818,798,185

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған аралық қысқартылған есеп

	2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген
<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>		
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражат		
Алынған проценттер	65,626,665	54,761,593
Төленген проценттер	(25,365,959)	(23,000,039)
Алынған комиссиялар	2,818,084	1,535,997
Төленген комиссиялар	(687,366)	(622,338)
Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін, әділ баға бойынша бағаланатын қаржы активтерімен операциялар бойынша төленген төлемдер	(123,327)	(18,724,415)
Шетелдік валютамен операциялардан таза кіріс	82,881	125,149
Алынған таза сақтандыру сыйлықақылары	322,664	-
Сақтандыру төлемдерін таза өтеу	7,119	-
Өзге алынған операциялар табыстар	753,855	1,711,371
Төленген әкімшілік шығындар	(13,726,565)	(11,012,332)
Төленген табыс салығы	(2,154,843)	(3,246,817)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтен алынған ақшалай қаражат	27,553,208	1,528,169
<i>Мыналар бойынша таза (өсу)/азаяу:</i>		
- өзгерістері кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын қаржы құралдары	(3,196,640)	(4,952,616)
- банктердегі қаражат	(108,006,311)	(169,731,359)
- клиенттерге берілген несиелер	(82,036,649)	(30,985,930)
- қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	(9,026,327)	1,396,881
- кері репо мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	81,481	74,688
- өзге қаржылық активтер	(2,431,835)	1,798,782
- өзге активтер	(16,789,891)	(4,722,933)
<i>Мыналар бойынша таза (азаяу)/өсу:</i>		
- клиенттердің қаражаты	35,793,221	24,846,068
- өзге қаржылық міндеттемелер	6,902,832	9,780,996
- өзге міндеттемелер	4,145,059	(3,048,511)
Операциялық қызметте пайдаланылған таза ақшалай қаражат	(147,011,852)	(174,015,765)
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражат		
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	(27,616,657)	(22,423,965)
Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды өткізу мен өтеуден түсімдер	63,117,386	80,974,212
Өтелгенше ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздардың шығуы мен өтелуінен түсімдер	3,710,029	-
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(1,810,884)	(639,738)
Аяқталмаған құрылыс бойынша алдын ала төлем	(10,482,214)	(2,222,222)
Негізгі құралдарды өткізуден түсім	39,307	58
Инвестициялық мүлікті өткізуден түсім	36,870	95,217
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарды өткізуден түсім	413	-
Алынған дивиденд	270,212	-
Инвестициялық қызметтен түскен таза ақшалай қаражат	27,264,462	55,783,562

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған аралық қысқартылған есеп

	2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген	2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай, аудиттелмеген
<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>		
Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражат		
Банктерден және өзге қаржы институттарынан займ алу	40,056,858	20,264,042
Банктерден және өзге қаржы институттарынан алынған займдарды өтеу	(16,647,875)	(9,884,324)
Қазақстан Республикасының Үкіметінен займ алу	2,500,000	-
Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған займдарды өтеу	(750,000)	(85,059)
Жай акциялардың эмиссиясы	-	20,000,000
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түсімдер	300,595,125	106,896,272
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу/сатып алу	(5,000,096)	(3,883,477)
Бақыланбайтын үлестің салымдары	557,202	14,243,800
Қаржылық қызметтен түскен таза ақшалай қаражат	321,311,214	147,551,254
Айырбастау бағамы өзгерістерінің ақшалай қаражатқа және олардың баламаларына ықпалы	1,363,473	23,005,854
Ақшалай қаражаттың және олардың баламаларының таза өсуі	202,927,297	52,324,905
Кезең басындағы ақшалай қаражат және олардың баламалары	263,777,147	237,210,270
Кезең соңындағы ақшалай қаражат және олардың баламалары (4-ескертпе)	466,704,444	289,535,175

1 Кіріспе

Осы шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілік «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының және оның еншілес кәсіпорындарының (әрі қарай - «Холдинг») қаржылық есептілігін қамтиды.

Холдинг «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысына сәйкес құрылды. 2015 жылғы 30 маусымдағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз және түпкілікті акционері болып табылады.

Негізгі қызметі

Холдингтің миссиясы шикізаттық емес секторды қаржылық-инвестициялық қолдау, ұлттық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету және оны өртартапандыру, инвестицияларды тарту, кластерлерді дамыту және оның еншілес кәсіпорындарында корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру болып табылады.

Холдинг Президенттің «Нұрлы жол» Жолдауына сәйкес Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны, сондай-ақ «Бизнестің жол картасы – 2020», «Қолжетімді баспана – 2020» және «2020 жылға дейін өңірлерді дамыту» бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы даму институттары арқасында мемлекеттің стратегиялық және әлеуметтік міндеттерін шешуге белсенді қатысады.

Өз қызметінде Холдинг индустриялық-инновациялық даму, ұлттық өнімнің экспортын алға жылжыту, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, тұрғын үй-құрылыс секторындағы міндеттерді жүзеге асыру және халықтың әл-ауқатының деңгейін арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі қойған басқа да міндеттерді басшылыққа алады.

Холдингтің негізгі мақсаттары мен міндеттері мынадай:

- тиімді тәуекел менеджмент жүйесін енгізу;
- айқындылықты және халықтың сенім деңгейін арттыру;
- еншілес кәсіпорындар қызметінің синергиялық нәтижесін қамтамасыз ету;
- еншілес кәсіпорындар қызметінің экономикалық тиімділігін арттыру/шығынсыздық қағидасы;
- қосымша инвестицияларды тарту;
- жеке сектормен өзара әрекеттесу.

Холдингтің құрылымына мемлекеттік саясат пен мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға тартылған он бір еншілес кәсіпорын кіреді, Холдинг стратегиясына сәйкес бұл кәсіпорындардың қызмет бағыттары мынадай:

- Даму институттары, оларға «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ы, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ-ы, «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ-ы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ы, «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ-ы және «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ы жатады. Осы институттардың міндеті экономиканың басым секторларында экономиканы өртартапандыруға және шикізаттық емес секторды дамытуға, қазақстандық өнімді экспорттауға, инновацияларды дамытуға, шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларға несиелік, инвестициялық және өзге қаржылай және қаржылық емес қолдау көрсету болып табылады.
- Қаржы институттары, оларға «Тұрғын үй-құрылыс жинақ банкі» АҚ-ы, «Қазақстан Ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ-ы, «Қазақстандық ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ы жатады. Осы институттардың міндеті ипотекалық несиелендіру үшін ұзақ мерзімді қаржыландыруды ұсыну, тарту және бағасын төмендету және мемлекеттің тұрғын үй-құрылыс саясатын жүзеге асыруға қатысу болып табылады.
- «Бәйтерек Девелопмент» АҚ-ы – 2008-2010 жылдар аралығында қаржы дағдарысы нәтижесінде жасалған жылжымайтын мүлік нарығында мәселелерді шешу және өңдеуші өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлік субъектілерін қолдау институты.
- «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» ЖШС-і – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қоса алғанда, инфрақұрылымдық жобаларды құрылымдау және қолдау үшін құрылған институт.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілікке ескертпелер –
2015 жылдың 30 маусымы

1 Кіріспе (жалғасы)

Төменде Холдингінің осы шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілігіне енгізілген негізгі еншілес кәсіпорындары не еншілес топтары ұсынылған:

Еншілес кәсіпорынның атауы	Тіркелген елі	Иелену үлесі, %		
		2015 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2014 жылғы 31 желтоқсан	
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ы	«ҚДБ» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ-ы	«ИФК» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ-ы	«ҚЭГ» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ы	«Даму» ҚДҚ» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ-ы	«ТДҰА» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ы	«ҚКМ» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстанның Тұрғын үй-құрылыс жинақ банкі» АҚ-ы	«ҚТҮҚЖБ» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстан ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ-ы	«ҚИК» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстандық ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ы	«ҚИККБҚ» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Бәйтерек Девелопмент» АҚ-ы (бұрынғы «Стрестік активтер қоры» АҚ-ы)	«БД» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» ЖШС-і	«МЖӘ ЖСО» ЖШС-і	Қазақстан Республикасы	75.00	75.00

Тіркелген мекенжайы және қызметті жүргізу орны. Холдингінің заңды мекенжайы және қызметін жүзеге асырудың нақты орны Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 8, Б блогы болып табылады.

Холдингінің қызметі жүзеге асырылатын экономикалық орта

Холдингінің қызметі көбінесе Қазақстанда жүзеге асырылады. Тиісінше, Холдингінің бизнесіне Қазақстан экономикасы мен қаржы нарықтары ықпал етеді, оларға дамып келе жатқан нарықтың ерекшеліктері тән. Құқықтық, салықтық және әкімшілік жүйелері әлі даму үстінде, алайда олардың талаптарын талқылау біркелкілік емес тәуекелімен байланысты, оған қоса жиі өзгерістерге ұшырайды, бұл жайт басқа заңдық және салықтық кедергілермен қатар, Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемаларды жасайды. Ұсынылған шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілік басшылықтың Қазақстандағы бизнесті жүргізу шарттарының Холдингінің қызметі мен қаржылай жағдайына қалай ықпал ететіні жөніндегі көзқарасын білдіреді. Шаруашылық етудің келешек шарттарының іс жүзіндегі ықпалы басшылықтың оларды бағалағанынан басқаша болуы мүмкін.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негіздері

ҚЕХС сәйкес келуі туралы мәлімдеме. Қоса берілген шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілік «Аралық қаржылық есептілік» (IAS) 34 деп аталатын Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес дайындалды. Ол толық жылдық қаржылық есептілік үшін қажетті барлық ақпаратты қамтымайды және оны 2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін және сол жағдай бойынша Холдингінің шоғырландырылған есептілігімен бірге қарау қажет, себебі осы шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілік бұрындары шығарылған қаржылық ақпараттың жаңартылған нұсқасын білдіреді.

Бағасын анықтау үшін негіз. Осы шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілік өзгерістері кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін, әділ баға бойынша бағаланатын қаржы активтерін, сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды және әділ баға бойынша көрсетілетін туынды қаржы құралдарын қоспағанда, орын алған шығындар бойынша есеп қағидасына сәйкес дайындалды.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілікке ескертпелер –
2015 жылдың 30 маусымы

2 Қаржылық есептілікті дайындау негіздері (жалғасы)

Функционалдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы. Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы болып, Холдингінің жүргізетін көптеген операцияларының экономикалық мәнін және оның қызметіне ықпал ететін, сондай-ақ онымен байланысты мән-жайларды ең дұрыс көрсететін қазақстандық теңге Холдингінің функционалдық валютасы болып табылады.

Сондай-ақ қазақстандық теңге шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептіліктің деректерін ұсыну валютасы болып табылады.

Егер өзгеше көрсетілмесе, шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептіліктің барлық деректері бүтін мыңдаған теңгеге дейін нақтылықпен дөңгелектелген.

Кәсіби пайымдарды, есептеу бағалары мен болжамдарды пайдалану. ҚЕХС талаптарына сәйкес шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілікті дайындау басшылықты есептік саясаттың қолданылуына және шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілікте ұсынылған активтер мен міндеттемелердің мөлшеріне ықпал ететін пайымдарды, есептеу бағалары мен болжамдарды жасауға міндеттейді. Іс жүзіндегі нәтижелер көрсетілген бағалардан ерекшеленуі мүмкін.

Есептеу бағалары мен тиісті болжамдар тұрақты негізде қайта қаралады. Бухгалтерлік есептеу бағаларының өзгерістері есептеу бағалары қайта қаралған есептік кезеңде, сондай-ақ болашақ кезеңдерде танылады.

Осы шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Холдингінің есептік саясатын қолдану кезінде жасалған басшылықтың елеулі болжамдары және бағалар тиянақсыздығының негізгі көздері «Банктердегі қаражат» 5-ескертпесінде, «Клиенттерге берілген несиелер» 6-ескертпесінде, «Шығарылған борыштық бағалы қағаздар» 8-ескертпесінде және «Туынды қаржы құралдары» 18-ескертпесінде ашылғандарды қоспағанда, 2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Холдингінің шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған болжамдар мен бағаларға сәйкес келеді.

3 Есептік саясаттың негізгі ережелері

Холдинг осы шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде 2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті құрастыру кезіндегі есептік саясаттың дәл сол ережелерін қолданады.

4 Ақшалай қаражат және олардың баламалары

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	2015 жылдың 30 маусымы, аудиттелмеген	2014 жылдың 31 желтоқсаны
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі (әрі қарай – «ҚРҰБ») шоттар бойынша қалдықтар	256,492,641	179,790,362
Банктердегі ағымдағы шоттар	185,693,399	47,646,330
Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар және «овернайт» депозиттері	12,090,826	3,459,227
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын сатып алу және кері сату («кері репо») шарттары	9,317,930	18,925,383
Қолма-қол қаражат	1,617,216	1,956,452
ҚРҰБ-дағы шоттарда міндетті резервтер	1,432,432	1,234,604
Басқа банктердегі бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын депозиттер	60,000	10,764,789
Ақшалай қаражат пен олардың баламаларының барлығы	466,704,444	263,777,147

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілікке ескертпелер –
2015 жылдың 30 маусымы

4 Ақшалай қаражат және олардың баламалары (жалғасы)

Төменде кестеде 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «Standard and Poor's» рейтингінің немесе «Moody's» не «Fitch» агенттіктерінің рейтингілері негізінде несиелік сапа бойынша ақшалай қаражат пен олардың баламаларының талдауы ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Міндетті резервтерді қоса алғанда, ҚРҰБ-дағы шоттар бойынша қалдықтар, аудиттелмеген	Корреспонденттік шоттар және «овернайт» депозиттері, аудиттелмеген	Басқа банктердегі депозиттер, аудиттелмеген	Банктердегі ағымдағы шоттар, аудиттелмеген	Кері репо шарттары, аудиттелмеген	Барлығы, аудиттелмеген
<i>Мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған</i>						
- ҚРҰБ	257,925,073	-	-	-	-	257,925,073
- «А-» бастап «А+» дейін рейтингімен	-	10,751,153	-	580,237	-	11,331,390
- «BBB-» бастап «BBB+» дейін рейтингімен	-	663,702	-	115,498	7,317,656	8,096,856
- «BB-» бастап «BB+» дейін рейтингімен	-	6,505	-	44,402,107	2,000,274	46,408,886
- «B-» бастап «B+» дейін рейтингімен	-	652,708	60,000	131,777,843	-	132,490,551
- «C-» бастап «C+» рейтингіне дейін	-	-	-	507,461	-	507,461
- рейтингі жоқ	-	16,758	-	8,310,253	-	8,327,011
Қолма-қол ақшалай қаражатты қоспағанда, ақшалай қаражат пен олардың баламаларының барлығы	257,925,073	12,090,826	60,000	185,693,399	9,317,930	465,087,228

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілікке ескертпелер –
2015 жылдың 30 маусымы

4 Ақшалай қаражат және олардың баламалары (жалғасы)

Төменде кестеде 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Standard and Poor's» рейтингінің немесе «Moody's» не «Fitch» агенттіктерінің рейтингілері негізінде несиелік сапа бойынша ақшалай қаражат пен олардың баламаларының талдауы ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Міндетті резервтерді қоса алғанда, ҚРҰБ-дағы шоттар бойынша қалдықтар, аудиттелмеген	Корреспонденттік шоттар және «овернайт» депозиттері, аудиттелмеген	Басқа банктердегі депозиттер, аудиттелмеген	Банктердегі ағымдағы шоттар, аудиттелмеген	Кері репо шарттары, аудиттелмеген	Барлығы, аудиттелмеген
<i>Мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған</i>						
- ҚРҰБ	181,024,966	-	-	-	-	181,024,966
- «А+» бастап «А+» дейін рейтингімен	-	2,867,557	-	698,044	-	3,565,601
- «BBB-» бастап «BBB+» дейін рейтингімен	-	504	-	1,147,218	13,895,643	15,043,365
- «BB-» бастап «BB+» дейін рейтингімен	-	2,246	1,902,592	18,103,859	5,029,740	25,038,437
- «B-» бастап «B+» дейін рейтингімен	-	588,920	8,862,197	27,392,737	-	36,843,854
- C рейтингімен	-	-	-	8,573	-	8,573
- рейтингі жоқ	-	-	-	295,899	-	295,899
Қолма-қол ақшалай қаражатты қоспағанда, ақшалай қаражат пен олардың баламаларының барлығы	181,024,966	3,459,227	10,764,789	47,646,330	18,925,383	261,820,695

2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Холдингің ақшалай қаражат пен олардың баламаларының жалпы сомасы 1,000,000 мың теңгеден асып кеткен 20 банк-контрагенті болған, аудиттелмеген (2014 ж. 31 желтоқсан: 8 банк-контрагенті). 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша осы қалдықтардың жиынтық сомасы 451,821,337 мың теңге құрады, аудиттелмеген (2014 ж. 31 желтоқсан: 214,498,685 мың теңге) немесе ақшалай қаражат пен олардың баламаларының 97 % (2014 ж. 31 желтоқсан: 81%).

Байланысқан тараптармен операциялар бойынша ақпарат 21-ескертпесінде ұсынылған.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілікке ескертпелер –
2015 жылдың 30 маусымы

5 Банктердегі қаражат

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	2015 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2014 жыл 31 желтоқсан
Банктерге және өзге қаржы мекемелеріне берілген несиелер	278,811,614	236,221,725
Ұзақ мерзімді депозиттер	194,037,970	207,953,388
Банктердегі қаражат	472,849,584	444,175,113
Құнсыздануға резервті шегере отырып	(1,518,123)	(1,523,123)
Банктердегі қаражаттың барлығы	471,331,461	442,651,990

Банктердегі қаражат қамтамасыз етілмеген.

2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде Холдинг өнеркәсіптің өңдеуші және басқа салаларында жеке кәсіпкерлік субъектілерін әрі қарай қаржыландыру үшін банктерге жалпы сомасы 125,000,000 мың теңге құрайтын несиелер берді, аудиттелмеген. Осы несиелер, көбінесе, жиырма жылға берілді, өтеу мерзімі 2035 жылы түседі. Басында банктер қаржы мекемелеріне берген несиелер әділ баға бойынша танылған, ол болашақ келісімшарттық ақшалай ағымдарды дисконттау үшін сыйақының тиісті нарықтық ставкасын қолдану арқылы анықталды. Банктерге берілген несиелерді бастапқы тану кезіндегі дисконттан шығыс 80,763,286 мың теңгені құрады, аудиттелмеген, және кіріс не шығыс туралы шоғырландырылған аралық қысқартылған есепте өзге операциялық табыстар құрамында «қаржы құралдарын нарықтан төмен ставкалар бойынша бастапқыда тану кезінде туындаған шығындарды шегере отырып табыстар» бабында танылған. Осы несиелер Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ толықтай сатып алған, сыйақы ставкасы жылдық 0.1% және өтеу мерзімі 2035 жылы түсетін, теңгеге деноминантталған, облигацияларды шығару арқылы қаржыландырылғаннан кейін (8-ескерту), дисконттан мойындалған шығыс 86,170,517 мың теңге көлемінде мемлекеттік субсидиялар нысанындағы пайдамен өтелген, аудиттелмеген (10-ескерту). Бұл несиелер мынадай шарттармен берілді:

- жалпы номиналдық құны 60,000,000 мың теңге құрайтын несиелер, аудиттелмеген (2015 жылғы 31 маусымдағы баланстық құны 17,395,514 мың теңге, аудиттелмеген), өңдеуші өнеркәсіп салаларында жұмыс жасайтын шағын және орта бизнес (әрі қарай – ШОБ) кәсіпорындарын әрі қарай қаржыландыру үшін жылдық 2 % ставкасы бойынша. Түпкілікті қарыз алушылар үшін сыйақы ставкасы жылдық 6 % шектелген;
- жалпы номиналдық құны 50,000,000 мың теңге құрайтын несиелер, аудиттелмеген (2015 жылғы 30 маусымдағы баланстық құны 20,205,179 мың теңге, аудиттелмеген), өңдеуші өнеркәсіптегі ірі кәсіпорындарды әрі қарай қаржыландыру үшін жылдық 2 % ставкасы бойынша. Түпкілікті қарыз алушылар үшін сыйақы ставкасы жылдық 6 % шектелген;
- жалпы номиналдық құны 15,000,000 мың теңге құрайтын несиелер, аудиттелмеген (2015 жылғы 30 маусымдағы баланстық құны 4,429,419 мың теңге, аудиттелмеген), жеке тұлғаларға олардың отандық өндірушілердің автокөліктерін сатып алуы мақсатында әрі қарай несиелер берудің жылдық 1 % ставкасы бойынша. Түпкілікті қарыз алушылар үшін сыйақы ставкасы жылдық 4% шектелген.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілікке ескертпелер –
2015 жылдың 30 маусымы

5 Банктердегі қаражат (жалғасы)

Төменде кестеде 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «Standard and Poor's» рейтингінің немесе «Moody's» не «Fitch» агенттіктерінің рейтингілері негізінде несиелік сапа бойынша банктердегі қаражаттың талдауы ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Банктерге және қаржы мекемелеріне берілген несиелер, аудиттелмеген	Ұзақ мерзімді депозиттер, аудиттелмеген	Барлығы, аудиттелмеген
<i>Мерзімі өтелмеген және құнсыздалмаған</i>			
- «BB-» бастап «BB+» дейінгі рейтингімен	57,612,321	27,017,999	84,630,320
- «B-» бастап «B+» дейінгі рейтингімен	182,024,431	160,433,928	342,458,359
- «C-» бастап «C+» дейінгі рейтингімен	32,522,345	4,985,421	37,507,766
- рейтингі жоқ	5,134,394	1,600,622	6,735,016
Барлығы мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған	277,293,491	194,037,970	471,331,461
<i>Жеке құнсыздалған (жалпы сомасы)</i>			
- төлемі 360 күннен артық мерзімге кешіктірілген	1,518,123	-	1,518,123
Барлығы жеке құнсыздалған (жалпы сомасы)	1,518,123	-	1,518,123
Құнсыздануға резервті шегере отырып	(1,518,123)	-	(1,518,123)
Банктердегі қаражаттың барлығы	277,293,491	194,037,970	471,331,461

Төменде кестеде 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Standard and Poor's» рейтингінің немесе «Moody's» не «Fitch» агенттіктерінің рейтингілері негізінде несиелік сапа бойынша банктердегі қаражаттың талдауы ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Банктерге және қаржы мекемелеріне берілген несиелер, аудиттелмеген	Ұзақ мерзімді депозиттер, аудиттелмеген	Барлығы, аудиттелмеген
<i>Мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған</i>			
- «A-» бастап «A+» дейінгі рейтингімен	-	2,297,249	2,297,249
- «BBB-» бастап «BBB+» дейінгі рейтингімен	27,840,706	2,596,915	30,437,621
- «BB-» бастап «BB+» дейінгі рейтингімен	12,201,222	72,007,984	84,209,206
- «B-» бастап «B+» дейінгі рейтингімен	178,664,542	130,375,009	309,039,551
- C рейтингімен	10,810,589	676,231	11,486,820
- рейтингі жоқ	5,181,543	-	5,181,543
Барлығы мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған	234,698,602	207,953,388	442,651,990
<i>Жеке құнсыздалған (жалпы сомасы)</i>			
- төлемі 360 күннен артық мерзімге кешіктірілген	1,523,123	-	1,523,123
Барлығы жеке құнсыздалған (жалпы сомасы)	1,523,123	-	1,523,123
Құнсыздануға резервті шегере отырып	(1,523,123)	-	(1,523,123)
Басқа банктердегі қаражат барлығы	234,698,602	207,953,388	442,651,990

Холдинг депозиттің құнсыздануы туралы мәселені қарау кезінде назарға алатын негізгі фактор оның мерзімі өтіп кеткен мәртебесі болып табылады. Осының негізінде Холдинг жоғарыда жеке тәртіппен құнсыздалған сияқты анықталған, депозиттердің берешек мерзімдері бойынша талдауды ұсынды.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілікке ескертпелер –
2015 жылдың 30 маусымы

5 Банктердегі қаражат (жалғасы)

Төменде банктер мен қаржы мекемелеріне берілген депозиттер мен несиелердің құнсыздануына резерв өзгеруінің талдауы ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай	2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай
1 қаңтарға қарай құнсыздануға резерв	1,523,123	2,254,819
Кезең бойы құнсыздануға резервті қалпына келтіру, аудиттелмеген	(5,000)	-
30 маусымға қарай құнсыздануға резерв, аудиттелмеген	1,518,123	2,254,819

2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Холдингінің 18 банк-контрагентінде қаражаттың жалпы сомасы 5,000,000 мың теңгеден асып кеткен қаражат қалдықтары болған (2014 жылғы 31 желтоқсан: 10 банк), аудиттелмеген. Осы депозиттердің жиынтық сомасы 2015 жылғы 30 маусымға қарай 451,420,852 мың теңге құрады, аудиттелмеген (2014 ж. 31 желтоқсан: 239,785,657 мың теңге) немесе банктердегі қаражаттың жалпы сомасынан 96% (2014 жылғы 31 желтоқсан: 54.17%).

Басқа банктердегі қаражат сомасының әрбір санатының әділ құнын бағалауға қатысты 19-ескертпені қараңыз. Байланысқан тараптармен операциялар бойынша ақпарат 21-ескертпесінде ұсынылған.

6 Клиенттерге берілген несиелер

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	2015 жылғы 30 маусым, аудиттелмеген	2014 жылғы 31 желтоқсан
Корпоративтік несиелер	952,658,642	929,071,168
Тікелей берілген ипотекалық несиелер	274,346,134	213,279,044
Коммерциялық банктерден сатып алынған ипотекалық несиелер	72,669,210	79,307,035
ШОБ несиелері	2,786,286	2,886,871
Клиенттерге берілген несиелер	1,302,460,272	1,224,544,118
Несиелік портфельдің құнсыздануына резервті шегере отырып	(161,033,412)	(153,209,090)
Клиенттерге берілген несиелер барлығы	1,141,426,860	1,071,335,028

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған аралық қысқартылған есептілікке ескертпелер –
2015 жылдың 30 маусымы

6 Клиенттерге берілген несиелер (жалғасы)

2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай бойы несиелердің құнсыздануына резерв мөлшерінің өзгеруі, төменде ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Корпоративтік несиелер	Тікелей берілген ипотекалық несиелер	Коммерциялық банктерден сатып алынған ипотекалық несиелер	ШОБ несиелері	Барлығы
2015 жылғы 1 қаңтарға қарай құнсыздануға резерв	145,759,561	1,152,778	3,467,817	2,828,934	153,209,090
Кезең бойы таза үстеме есептеу, аудиттелмеген	8,839,428	298,067	45,451	(99,860)	9,083,086
Есептен шығарылған, аудиттелмеген	(2,069,590)	(29,582)	-	-	(2,099,172)
Бағам айырмашылықтары, аудиттелмеген	1,570,237	-	-	-	1,570,237
Қайта құрылымдау нәтижесі сияқты дисконтқа қайта топтастыру, аудиттелмеген	(731,322)	1,493	-	-	(729,829)
2015 жылғы 30 маусымға қарай құнсыздануға резерв, аудиттелмеген	153,368,314	1,422,756	3,513,268	2,729,074	161,033,412

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай бойы несиелердің құнсыздануына резерв мөлшерінің өзгеруі, төменде ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Корпоративтік несиелер	Тікелей берілген ипотекалық несиелер	Коммерциялық банктерден сатып алынған ипотекалық несиелер	ШОБ несиелері	Барлығы
2014 жылғы 1 қаңтарға қарай құнсыздануға резерв	141,544,705	2,164,637	3,333,347	3,049,141	150,091,830
Кезең бойы таза үстеме есептеу, аудиттелмеген	7,368,051	45,256	100,000	(156,018)	7,357,289
Есептен шығарылған, аудиттелмеген	(10,728,327)	(431,744)	(136,223)	84,311	(11,211,983)
Бағам айырмашылықтары, аудиттелмеген	26,930,892	-	-	-	26,930,892
2014 жылғы 30 маусымға қарай құнсыздануға резерв, аудиттелмеген	165,115,321	1,778,149	3,297,124	2,977,434	173,168,028

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Шоғырландырылған аралық қысқартылған есептілікке ескертпелер –
2015 жылдың 30 маусымы**

6 Клиенттерге берілген несиелер (жалғасы)

Несиелер сапасы

Әрі қарай 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша мерзімі өтіп кеткен займдардың несиелік сапасының талдауы ұсынылған:

